Әділет

**2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 2 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2000 жылғы 18 ақпандағы N 65 Бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 16 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1081. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен

*-----------Бұйрықтан үзінді----------*

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.*

*Министр*

*Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрлігінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 бұйрығына қосымша*

*Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрық тізбесі*

*2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 18 ақпандағы N 65 (тіркелген N 1081) "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 2 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы...*

*-------------------------------------*

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Z980341_ және 1991 жылғы 21 маусымдағы " Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 4 желтоқсандағы

N 1002 "Көп балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар туралы" жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 199 P000199_ "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы" қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына;

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы:

"6.2.258.30 Жұмыспен қамту бағдарламасы (қоғамдық жұмыстар, жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау)" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"6.2.258.30.30 Жұмыспен қамту орталығы

6.2.258.30.31 Қоғамдық жұмыстар

6.2.258.32 Жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау";

"6.2.258.30 Жұмыспен қамту бағдарламасы (қоғамдық жұмыстар, жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"6.2.258.30 Жұмыспен қамту бағдарламасы";

"6.2.258.46 Тіс салдыру бойынша әлеуметтік көмек көрсету" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"6.2.258.46 Көп балалы отбасыларды әлеуметтік қорғау";

"6.2.258.46.23 Көп балалы аналар" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"6.2.258.46.31 Аналар мен жалпы білім беретін мектеп оқушылары үшін қала ішіндегі көлікте (таксиден басқа), сондай-ақ қала сыртындағы және аудан іші желісіндегі автобустарда жүруге әлеуметтік көмек";

"6.2.258.46.23 Көп балалы аналар" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"6.2.258.46.30 Көп балалы аналарға тіс протездерін дайындау және жөндеуге ( қымбат бағалы металдардан жасалған протездерді қоспағанда) әлеуметтік көмек" ;

"6.2.258.57.32 Санаторлық-курорттық емдеу бойынша жеңілдіктер" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"6.2.258.57.33 Техникалық және өзге құралдармен қамтамасыз ету";

"7.1.274.43.30 "Тұрғындардың аса мұқтаждарын тұрғын үймен қамтамасыз ету" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"7.1.274.45 Мемлекеттік қажеттілік үшін тұрғын үйлер мен жер учаскелерін

б о с а т у " .

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК